

"Аквашаруашылық өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 1 қарашадағы № 412 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2026 жылғы 10 маусымдағы № 227 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 11 маусымда № 38945 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Аквашаруашылық өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 1 қарашадағы № 412 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37320 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыпта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді ;

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Аквашаруашылық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 52) тармақшасының үшінші абзацына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:"**;

1-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді ;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Аквашаруашылық өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1-тармағының үшінші абзацын қоспағанда, 2026 жылғы 12 шілдеде қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі*

А. Сапаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2026 жылғы 10 маусымдағы
№ 227

бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2025 жылғы 1 қарашадағы
№ 412 бұйрығымен
бекітілген

Аквашаруашылық өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы аквашаруашылық өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Аквашаруашылық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабы 1) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 52) тармақшасының үшінші абзацына сәйкес әзірленді және аквашаруашылық өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) аквашаруашылық – аквашаруашылық объектілерін көбейтуге және (немесе) күтіп-ұстауға, өсіруге байланысты қызмет;

2) аквашаруашылық объектілері – аквашаруашылық субъектілері көбейтетін және (немесе) күтіп-ұстайтын, өсіретін балықтар, су моллюскалары және шаян тәрізділер;

3) аквашаруашылық объектілеріне арналған азық – аквашаруашылық объектілеріне арналған отандық немесе шетелдік өндірістің теңгерімделген толық рационды құрамажемінің барлық түрі;

4) аквашаруашылық объектілерінің құртшабақтары (бұдан әрі – құртшабақтар) – аквашаруашылық объектілерін көбейтуге және (немесе) күтіп-ұстауға, өсіруге, сондай-ақ су айдындарына балық жіберуге арналған олардың ұрықтандырылған уылдырығы, дернәсілдері, шабақтары, бір жылдық және екі жылдық шабақтары;

5) аквашаруашылық саласындағы балық өсіру-биологиялық негіздеме (бұдан әрі – балық өсіру-биологиялық негіздеме) – зерттеулер мен ғылыми деректер, балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің, балық өсіру тоғандарының, балық өсіру бассейндерінің ағымдағы жай-күйі мен әлеуетін бағалау, сондай-ақ аквашаруашылық объектілерін көбейтуге және (немесе) күтіп-ұстауға, өсіруге байланысты технологияларды қолдану нәтижесінде әзірленген ғылыми негізделген ұсынымдар кешені;

6) аквашаруашылық субъектілері (бұдан әрі – аквашаруашылық субъектілері (көрсетілетін қызметті алушы)) – аквашаруашылық объектілерін көбейтуге және (немесе) күтіп-ұстауға, өсіруге байланысты қызметті жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалар;

7) аквашаруашылықта қолданылатын препараттар – балықтарды және басқа да су жануарларын аквашаруашылық жағдайларында өсіру кезінде оларды сыртқы ортаның әсерінен туындайтын жұқпалы және жұқпалы емес аурулардан алдын алу және емдеу

үшін пайдаланылатын препараттар, гонадотропты препараттар, сондай-ақ мекендеу ортасының сапасын жақсартуға әсер ететін препараттар;

8) асыл тұқымды балық өсіру – балықтардың тұқым қуалаушылық қасиеттерін жақсартуға және өнімділігін арттыруға бағытталған балық өсіру іс-шараларының кешені;

9) балық басын толықтыратын аналық балық үйірі – су биологиялық ресурстарын сақтау үшін селекциялық мақсаттар, асыл тұқымдық және өнімділік сапасы жоғары аквашаруашылық объектілерін молықтыру мақсаттары үшін пайдаланылатын қорғалатын түрлерді қоса алғанда, бақыланатын жағдайларда күтіп-бағылатын балықтар мен басқа да су жануарларының әртүрлі жастағы топтары;

10) балық өсіру – аквашаруашылықтың балықты көбейтуге және (немесе) күтіп-бағуға, өсіруге байланысты бағыты;

11) құртшабақтарды және (немесе) балық басын толықтыратын аналық балық үйірін жеткізуші – экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) кодтарына және Ұлттық тауарлар каталогының сәйкестендіру кодына сәйкес негізгі немесе қосалқы қызмет түрі "теңізде балық өсіру", "тұщы суда балық өсіру", "балықтарды, шаянтәрізділер мен моллюскаларды өңдеу және консервілеу" болып табылатын, құртшабақтарды және балық басын толықтыратын аналық балық үйірін өткізуді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

12) жеке шот – субсидия алуға арналған өтінішті тіркеу және олар бойынша операцияларды есепке алу мақсатында тіркелген тұлғаны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін жазбалар жиынтығы;

13) субсидия алуға арналған өтініш – аквашаруашылық субъектісінің (көрсетілетін қызметті алушының) электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған, аквашаруашылық объектілері үшін сатып алынған азық, құртшабақтар, балық өсіру-биологиялық негіздеме, аквашаруашылықта қолданылатын препараттар, сондай-ақ балық басын толықтыратын аналық балық үйірі және оларды күтіп-бағу үшін субсидиялар алуға арналған электрондық өтініш;

14) агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялаудың мемлекеттік цифрлық жүйесі (бұдан әрі – АӨК СМЦЖ) – аквашаруашылық өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау қызметтерін көрсетуге арналған, цифрлық технологиялардың, қызмет көрсететін персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып-реттелген жиынтығы арқылы өтініш берушілерден өтінімдерді қабылдау, оларды форматтық-логикалық бақылауды қолдана отырып өңдеу және өңделген өтінімдерді бірінші деңгейге беру жүзеге асырылатын екінші деңгейдегі салалық цифрлық жүйе;

15) мамандар тобы – "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өңірлік кәсіпкерлер палатасының, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері ретінде аккредиттелген балық ресурстарын

және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми ұйымдардың, балық аулаушылар мен балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарының және басқа да қоғамдық және (немесе) үкіметтік емес салалық ұйымдардың өкілдерінен, жергілікті атқарушы органның және балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің мамандарынан қалыптастырылған құрам;

16) тіркеуші ақпараттық жүйе (бұдан әрі – бірінші деңгейдегі жүйе) – кәсіпкерлердің өтінімдерінің эталондық электрондық тізілімін қамтитын, АӨК СМЦЖ-мен интеграцияланған жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шаралары мен оларды алушыларды мониторингтеу жүйесі, онда түпкілікті форматтық-логикалық бақылаудан кейінгі бақылау арқылы кәсіпкерлерге қатысты шектеу өлшемшарттарының болмауы жөніндегі талаптарға олардың сәйкес келуі тексеріледі;

17) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган – бюджетті атқару, республикалық бюджеттің және өз құзыреті шегінде жергілікті бюджеттердің, бюджеттен тыс қорлардың атқарылуы бойынша бухгалтерлік есепке алуды, бюджеттік есепке алу мен бюджеттік есептілікті жүргізу саласында басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

18) тіркеуші – бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын, бірінші деңгейдегі жүйе пайдаланылып жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларының пайдаланылуы мен оларды алушыларды мониторингтеуді техникалық сүйемелдеу қамтамасыз етілетін, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға;

19) субсидиялаудың мемлекеттік цифрлық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – Интернет желісінде орналасқан, АӨК СМЦЖ-ға қолжетімділік беретін интернет-ресурс;

20) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект;

21) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы).

3. Субсидиялау мыналарды қамтитын жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың екі деңгейлі жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады:

1) бірінші деңгей – жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын алушылар өтінімдерінің эталондық электрондық тізілімін қамтитын екінші деңгейдегі жүйелермен интеграцияланған тіркеу жүйесі, онда "Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде іске асырылатын жобаларға мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2026 жылғы 2 ақпандағы № 8 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37936 болып тіркелген) бекітілген Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде іске асырылатын жобаларға мониторинг жүргізу қағидаларына сәйкес түпкілікті форматтан кейінгі логикалық бақылау арқылы жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын алушының жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларының пайдаланылуы мен оларды алушыларға мониторинг жүргізу қағидалары шеңберінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын базалық талаптарға сәйкестігі айқындалады;

2) екінші деңгей – салалық мемлекеттік немесе мемлекеттік емес цифрлық жүйелер, олар арқылы жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын алушылардан өтінімдерді қабылдау, оларды форматтық-логикалық бақылауды қолдана отырып өңдеу және өңделген өтінімдерді бірінші деңгейге беру жүзеге асырылады.

4. Субсидиялар ЭҚЖЖ кодтарына және Тауарлардың ұлттық каталогының сәйкестендіру кодына сәйкес негізгі немесе қайталама қызмет түрі "теңізде балық өсіру", "тұщы суда балық өсіру", "балықтарды, шаянтәрізділер мен моллюскаларды өңдеу және консервілеу" болып табылатын аквашаруашылық субъектілеріне (көрсетілетін қызметті алушыларға):

1) аквашаруашылық объектілерін өсіру кезінде пайдаланылатын азықтарды сатып алу шығындарының 30 (отыз) процентін (бұдан әрі – %);

2) құртшабақтарды сатып алу шығыстарының 50%-ін;

3) балық өсіру-биологиялық негіздемені сатып алу шығыстарының 50%-ін;

4) аквашаруашылықта қолданылатын препараттарды сатып алу шығыстарының 50%-ін;

5) балық басын толықтыратын аналық балық үйірін сатып алу және оны күтіп-ұстау шығыстарының 50%-ін өтеу арқылы аквашаруашылық өнімінің өзіндік құнын төмендету үшін беріледі.

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші)) және "цифрлық үкіметтің" операторына жібереді.

Министрлік және жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) Қағидалар бекітілген және өзгертілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде

мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

6. Субсидия беру үшін қажетті мәліметтерді қамтитын АӨК СМЦЖ-да іркіліс болған жағдайда, жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) туындаған жағдай туралы Министрлікті дереу хабарлайды, ол оны жоюға кіріседі.

Бұл ретте туындаған іркілісті жою бойынша жұмыстар жүргізілгеннен кейін Министрлік 3 (үш) жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы хаттама жасайды және оны АӨК СМЦЖ-ға орналастырады.

2-тарау. Аквашаруашылық өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау тәртібі

1-параграф. Субсидия көлемдерін қалыптастыру және бөлу

7. Жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) АӨК СМЦЖ-дан "сұраным-жауап" форматында деректерді аквашаруашылық субъектілерінің (көрсетілетін қызметті алушының) Қағидалардың 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген шектеу өлшемшарттарына сәйкестігін автоматты түрде тексеру жүргізілетін бірінші деңгейдегі жүйеге беру арқылы ақпарат сұратады.

Бірінші деңгейдегі жүйе өтініш берілген жылға дейінгі соңғы 2 (екі) қаржы жылы үшін осы Қағидалардың 3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген деректер түрінде жауап қайтарады.

Аквашаруашылық субъектісі (көрсетілетін қызметті алушы) өтініш берілген жылға дейін алдыңғы екі қаржы жылының бірінде салық аударымдары мен еңбекақы төлеу қорының көлемін ұлғайту қамтамасыз етілген кезде базалық өлшемшартқа сәйкес келеді деп есептеледі.

Аквашаруашылық субъектісі (көрсетілетін қызметті алушы) өтініш берілген жылға дейін қатарынан алдыңғы 2 (екі) қаржы жылы үшін салық аударымдары мен еңбекақы төлеу қорының көлемі төмендеген кезде базалық өлшемшартқа сәйкес келмейді деп есептеледі.

8. Субсидиялар көлемдерін қалыптастыруды және бөлуді жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) мемлекеттік бағдарламалардың басым мақсаттары мен көрсеткіштеріне сәйкес, сондай-ақ ағымдағы жылға арналған субсидиялар көлемдерінің қажеттілігін, өткен жылғы субсидиялардың жиынтық көлемдерін және бюджет қаражатының болуын ескере отырып жүзеге асырады.

Жергілікті атқарушы органдар (көрсетілетін қызметті берушілер) ұсынатын субсидиялар көлемдері тиісті жылдың 10 қаңтарынан кешіктірілмей АӨК СМЦЖ арқылы аквашаруашылық саласындағы уәкілетті органның ведомствосына келісуге жіберіледі.

9. Аквашаруашылық саласындағы уәкілетті орган ведомствосы 2 (екі) жұмыс күні ішінде берілген субсидиялар көлемдерінің мемлекеттік бағдарламалардың мақсаттары мен көрсеткіштеріне сәйкестігіне, сондай-ақ ағымдағы жылға арналған субсидиялар көлемдерінің қажеттілігін есепке ала отырып қарайды.

Оң шешім болған жағдайда, аквашаруашылық саласындағы уәкілетті орган ведомствосы АӨК СМЦЖ арқылы жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) ұсынған субсидиялар көлемдерін келіседі.

Субсидиялар көлемдері келісілгеннен кейін жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) 2 (екі) жұмыс күні ішінде оларды өзінің ресми интернет-ресурсына және АӨК СМЦЖ-ға орналастырады.

10. Қосымша қаражат бөлінген және (немесе) қаражат субсидиялар бағыттары арасында қайта бөлінген және (немесе) бұрын келісілген бюджет қысқартылған жағдайда, жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) мәслихаттың тиісті шешімін және әкімнің, ол болмаған жағдайда оның міндеттерін өзара алмастыратын адамның қолы қойылған жазбаша негіздемені қоса бере отырып, Қағидалардың 8 және 9-тармақтарында көзделген тәртіппен субсидиялар көлемдеріне тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді.

2-параграф. Субсидиялар алу шарттары

11. Субсидиялар жергілікті бюджетте тиісті қаржы жылына көзделген қаражат есебінен және шегінде төленеді.

12. Сатып алынған азық үшін субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде төленеді:

1) аквашаруашылық субъектісінің (көрсетілетін қызметті алушының) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы арқылы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша сатып алынған азық үшін субсидия алуға арналған өтінішті беруі;

2) аквашаруашылық субъектісінің (көрсетілетін қызметті алушының) ЭЦҚ-ны қолдана отырып, АӨК СМЦЖ-да өтінішті тіркеуі;

3) аквашаруашылық субъектісінің (көрсетілетін қызметті алушының) АӨК СМЦЖ-да деректері "Занды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорлары мен АӨК СМЦЖ-дың цифрлық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған жеке шотының болуы;

4) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инфрақұрылымның бар-жоғына және аквашаруашылық өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау шарттарына сәйкестігіне мамандар тобының оң қорытындысы;

5) АӨК СМЦЖ мен электрондық шот-фактураларды қабылдайтын және өңдейтін цифрлық жүйенің (бұдан әрі – ЭШФ ЦЖ) цифрлық өзара іс-қимылы нәтижесінде аквашаруашылық субъектісінің (көрсетілетін қызметті алушының) азықтарды сатып

алуын растауы (азық жеткізушілердің тиісті электрондық шот-фактурасының, төлеуді растайтын құжаттардың болуы).

Аквашаруашылық субъектісі (көрсетілетін қызметті алушы) азықты электрондық шот-фактуралардың цифрлық жүйесін пайдаланбайтын шетелдік өндірушіден тікелей сатып алған кезде, сатып алуға жұмсалған шығындар тауарларға арналған кедендік декларациямен (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын үшінші елдерден әкелінетін тауарлар бойынша) немесе Қазақстан Республикасы Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 530-бабына сәйкес салық органдарының белгісі соғылған тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішпен (өтініштермен) (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарынан) расталады;

6) АӨК СМЦЖ мен "e-Agriculture" агроөнеркәсіптік кешен салаларын басқарудың бірыңғай цифрландырылған жүйесі" цифрлық жүйесінің цифрлық өзара іс-қимылы нәтижесінде азыққа арналған ветеринариялық анықтама мәліметтерінің расталуы (отандық өндірушілерден сатып алынған жағдайда);

7) АӨК СМЦЖ мен "e-Agriculture" агроөнеркәсіптік кешен салаларын басқарудың бірыңғай цифрландырылған жүйесі" цифрлық жүйесінің цифрлық өзара іс-қимылы нәтижесінде азыққа арналған ветеринариялық сертификат мәліметтерінің расталуы (импортталған жағдайда);

8) Аквашаруашылық субъектісінің (көрсетілетін қызметті алушының) өндірісі көлемінің АӨК СМЦЖ мен ЭШФ ЦЖ-ның цифрлық өзара әрекеттесуі нәтижесінде өткен жылы және (немесе) ағымдағы жылы өткізілген аквашаруашылық өнімдері мәліметтерімен расталуы (аквашаруашылық өнімінің тиісті электрондық шот-фактураларының, аквашаруашылық өнімінің өткізілгенін растаушы құжаттардың болуы);

9) АӨК СМЦЖ мен "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры" цифрлық жүйесінің (бұдан әрі – "Е-лицензиялау" МДҚ") цифрлық өзара іс-қимылы нәтижесінде әкімшілік органда тіркеу туралы ақпарат негізінде қалыптастырылатын, Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның I және II қосымшаларына енгізілген жануарлар түрлерінің қолдан өсірілгені туралы мәліметтердің расталуы (бекіре балық түрлері мен олардың будандарына арналған азықты субсидиялау кезінде).

13. Сатып алынған балық өсіру-биологиялық негіздеме, аквашаруашылықта қолданылатын препараттар үшін субсидиялар мынадай шарттар сақталған жағдайда төленеді:

1) аквашаруашылық субъектісінің (көрсетілетін қызметті алушының) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы арқылы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 2 және 3-нысандар

бойынша аквашаруашылық саласындағы сатып алынған балық өсіру-биологиялық негіздеме үшін субсидия алуға арналған өтінішті, аквашаруашылықта қолданылатын сатып алынған препараттар үшін субсидия алуға арналған өтінішті беруі;

2) аквашаруашылық субъектісінің (көрсетілетін қызметті алушының) ЭЦҚ-ны қолдана отырып АӨК СМЦЖ-да өтінішті тіркеуі;

3) аквашаруашылық субъектісінің (көрсетілетін қызметті алушының) АӨК СМЦЖ-да деректері АӨК СМЦЖ-ның "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен цифрлық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған жеке шотының болуы;

4) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инфрақұрылымның бар-жоғына және аквашаруашылық өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау шарттарына сәйкестігіне мамандар тобының оң қорытындысы;

5) АӨК СМЦЖ мен ЭШФ ЦЖ цифрлық өзара іс-қимылы нәтижесінде аквашаруашылық субъектісінің (көрсетілетін қызметті алушының) балық өсіру-биологиялық негіздемені, аквашаруашылықта қолданылатын препараттарды сатып алуын растауы (тиісті электрондық шот-фактуралардың, төлеуді растайтын құжаттардың болуы).

Аквашаруашылық субъектісі (көрсетілетін қызметті алушы) балық өсіру-биологиялық негіздемені, аквашаруашылықта қолданылатын препараттарды электрондық шот-фактуралардың цифрлық жүйесін пайдаланбайтын шетелдік өндірушіден тікелей сатып алған кезде, сатып алуға жұмсалған шығындар тауарларға арналған кедендік декларациямен (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын үшінші елдерден әкелінетін тауарлар үшін) немесе Салық кодексінің 530-бабына сәйкес салық органдарының белгісі соғылған тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішпен (өтініштермен) (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарынан) расталады;

6) аквашаруашылықта қолданылатын, сатып алынған препараттарды субсидиялау кезінде АӨК СМЦЖ мен ЭШФ ЦЖ цифрлық өзара іс-қимылы нәтижесінде аквашаруашылық субъектісінің (көрсетілетін қызметті алушының) алдыңғы жылғы және (немесе) ағымдағы жылғы аквашаруашылық өнімін өндіру көлемінің расталуы (тиісті электрондық шот-фактуралардың, төлеуді растайтын құжаттардың болуы).

Аквашаруашылықта қолданылатын препараттарды сатып алуды субсидиялау мынадай топтарға қолданылады:

инфекциялық аурулармен күресуге арналған антибиотиктер;

антигельминтикалық препараттар тобы;

сыртқы ауруларға қарсы препараттар;

иммунитетті арттыруға арналған препараттар;

су гидрохимиясын жақсартуға арналған препараттар;

балық өсіруге арналған тор қоршамаларды, тоғандарды, бассейндерді, сондай-ақ көлдерді өңдеуге арналған препараттар;

өндірушілерді (аналық және (немесе) аталық) жетілдіретін гормоналды ынталандырғыштар ретінде қолданылатын гонадотропты препараттар.

14. Сатып алынған құртшабақтарға, балық басын толықтыратын аналық балық үйіріне және оларды күтіп-ұстауға арналған субсидиялар мынадай шарттар сақталған жағдайда төленеді:

1) аквашаруашылық субъектісінің (көрсетілетін қызметті алушының) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы арқылы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 4 және 5-нысандар бойынша сатып алынған аквашаруашылық объектілерінің құртшабақтары үшін субсидия алуға арналған өтінішті, сатып алынған балық басын толықтыратын аналық балық үйірі үшін субсидия алуға арналған өтінішті беруі;

2) аквашаруашылық субъектісі (көрсетілетін қызметті алушы) өтінішінің ЭЦҚ-ны қолдана отырып АӨК СМЦЖ-да тіркелуі;

3) аквашаруашылық субъектісінің (көрсетілетін қызметті алушының) АӨК СМЦЖ-да деректері АӨК СМЦЖ-дың "Занды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен цифрлық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған жеке шотының болуы;

4) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инфрақұрылымның бар-жоғына және аквашаруашылық өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау шарттарына сәйкестікке мамандар тобының оң қорытындысы;

5) АӨК СМЦЖ мен ЭШФ ЦЖ-ның цифрлық өзара іс-қимылы нәтижесінде аквашаруашылық субъектісінің (көрсетілетін қызметті алушының) құртшабақтарды, балық басын толықтыратын аналық балық үйірін сатып алуын және оны күтіп-ұстауын растауы (тиісті электрондық шот-фактуралардың, төлеуді растайтын құжаттардың болуы).

Аквашаруашылық субъектісі (көрсетілетін қызметті алушы) құртшабақтар мен балық басын толықтыратын аналық балық үйірін электрондық шот-фактуралардың цифрлық жүйесін пайдаланбайтын шетелдік өндірушіден тікелей сатып алған кезде, сатып алуға жұмсалған шығындар тауарларға арналған кедендік декларациямен (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын үшінші елдерден әкелінетін тауарлар үшін) немесе Салық кодексінің 530-бабына сәйкес салық органдарының белгісі соғылған тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішпен (өтініштермен) (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарынан) расталады;

6) АӨК СМЦЖ мен "e-Agriculture" агроөнеркәсіптік кешен салаларын басқарудың бірыңғай цифрландырылған жүйесі" цифрлық жүйесінің цифрлық өзара іс-қимылы нәтижесінде құртшабақтар мен балық басын толықтыратын аналық балық үйірін

жеткізушісінің жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне есепке алу нөмірінің (балық өсіру K5) бар болуын растауы (отандық өндірушілерден сатып алынған жағдайда);

7) АӨК СМЦЖ мен "e-Agriculture" агроөнеркәсіптік кешен салаларын басқарудың бірыңғай цифрландырылған жүйесі" цифрлық жүйесінің ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде құртшабақтар және (немесе) балық басын толықтыратын аналық балық үйірін жеткізушінің ветеринариялық анықтамасы мәліметтерінің расталуы (отандық өндірушіден сатып алынған жағдайда);

8) АӨК СМЦЖ мен "e-Agriculture" агроөнеркәсіптік кешен салаларын басқарудың бірыңғай цифрландырылған жүйесі" цифрлық жүйесінің цифрлық өзара іс-қимылы нәтижесінде құртшабақтар мен балық басын толықтыратын аналық балық үйірін жеткізушінің ветеринариялық сертификаты мәліметтерінің расталуы (импортталған жағдайда);

9) АӨК СМЦЖ мен "Е-лицензиялау" МДҚ" ЦЖ-ның цифрлық өзара іс-қимылы нәтижесінде әкімшілік органда тіркеу туралы ақпарат негізінде қалыптастырылатын, Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның I және II қосымшаларына енгізілген жануарлардың қолдан өсірілгені туралы мәліметтердің расталуы (бекіре балықтары мен олардың будандарының құртшабақтары мен балық басын толықтыратын аналық балық үйірін субсидиялау кезінде).

15. "Аквашаруашылық өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) Қағидаларға 3-қосымшада жазылған.

"Цифрлық үкіметтің" веб-порталы мен АӨК СМЦЖ-ның цифрлық өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 83-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

16. Аквашаруашылық субъектісі (көрсетілетін қызметті алушы) өтініш берілген күнге дейін 24 (жиырма төрт) айдан асырмай сатып алынған азыққа субсидия алуға арналған өтінішті не аквашаруашылық саласындағы балық өсіру-биологиялық негіздемеге субсидия алуға арналған өтінішті не аквашаруашылықта қолданылатын сатып алынған препараттарға субсидия алуға арналған өтінішті, сатып алынған азық, балық өсіру-биологиялық негіздеме үшін жұмсалған шығындардың орнын толтыруға субсидиялар алуға арналған өтінішті береді.

17. Шот-фактураларда субсидиялар сұралатын тауардың бір ғана атауы болуға тиіс.

Электрондық шот-фактура ЭШФ ЦЖ-дан АӨК СМЦЖ-ға өтініш бергенге дейін ЭШФ ЦЖ-дағы контрагентті растай отырып, "сұраным-жауап" режимінде сұратылады

(сұралған электрондық шот-фактура жеке кәсіпкерлік мемлекеттік қолдау шараларын алу үшін электрондық шот-фактураны пайдалануды растаған кезде ЭШФ ЦЖ-да автоматты түрде бұғатталады).

Аквашаруашылық субъектісі (көрсетілетін қызметті алушы) субсидиялар алмаған жағдайда (мемлекеттік қолдау шараларын алу үшін электрондық шот-фактураны пайдаланбаған кезде), аквашаруашылық субъектісінің (көрсетілетін қызметті алушының) өтініші бойынша жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) АӨК СМЦЖ арқылы 5 (бес) жұмыс күні ішінде электрондық шот-фактураларды бұғаттан шығаруды жүзеге асырады.

Мыналарға субсидия берілмейді:

1) бұрын құнын арзандатуға субсидияланған немесе өзара есеп айырысу есебіне сатып алынған азық, құртшабақ, балық өсіру-биологиялық негіздеме, балық басын толықтыратын аналық балық үйірі және аквашаруашылықта қолданылатын препараттар;

2) аквашаруашылық субъектісі (көрсетілетін қызметті алушы) одан әрі қайта сату үшін сатып алған азық, құртшабақ, балық өсіру-биологиялық негіздеме, балық басын толықтыратын аналық балық үйірі және аквашаруашылықта қолданылатын препараттар;

3) тағамдық уылдырық алуға арналған балық басын толықтыратын аналық балық үйірі және оларды күтіп-ұстау.

18. Субсидияларды есептеу Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

3-параграф. Субсидияларды төлеу

19. Жыл сайын тиісті жылдың 20 қаңтарына дейін жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың деңгейінде мамандар тобының құрамын қалыптастырады.

Мамандар тобы инфрақұрылымның бар-жоғына салыстырып-тексеру жүргізеді және Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инфрақұрылымның бар-жоғы және аквашаруашылық өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау шарттарына сәйкестікке мамандар тобының қорытындысын (бұдан әр – қорытынды) береді.

Жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) мамандар тобының тізімін АӨК СМЦЖ-да тіркейді.

Аквашаруашылық субъектілері (көрсетілетін қызметті алушылар) субсидия алуға арналған өтінішті бергенге дейін қорытындыны алады. Қорытындының сканерленген көшірмесін фото- және бейнематериалдарды қоса бере отырып, жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) мамандар тобы қол қойған қорытындыны

ұсынған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде веб-порталға орналастырады. Фото- және бейнематериалдар сақтау үшін Google Drive (Гугл Драйв) және Google Disc-ке (Гугл диск) жүктеледі, сақтау мерзімі 5 (бес) жыл.

Аквашаруашылық субъектілері (көрсетілетін қызметті алушылар) қорытынды алу үшін жергілікті атқарушы органға (көрсетілетін қызметті берушіге) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес қарап-тексеру және салыстырып-тексеру нәтижелерінің өлшемшарттарға сәйкестігін айқындауға жазбаша хабарлама жібереді. Жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) өтеусіз негізде хабарлама келіп түскен күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде белгіленген өлшемшарттарға сәйкестігіне қарап-тексеру және салыстырып-тексеру жүзеге асырады.

Әрбір аквашаруашылық субъектісіне (көрсетілетін қызметті алушыға) қалыптастырылған мамандар тобы құрамынан кемінде 2 (екі) маман жіберіледі.

Сатып алынған азыққа субсидиялар алуға үміткер аквашаруашылық субъектісі (көрсетілетін қызметті алушы) өсірілген аквашаруашылық объектісін өткізу кезінде ауланғанын және тиелгенін фото- және видеоға түсірілуін қамтамасыз етеді. Сатып алынған құртшабақтар мен балық басын толықтыратын аналық балық үйірі үшін ағымдағы күн мен уақытты көрсете отырып, олардың тиелгенін және балық өсіру тоғандарына, балық өсіру бассейндеріне, тор қоршамаларға және (немесе) су айдындарына жіберілгенін фото- және видеоға түсірілуін қамтамасыз етеді және материалдарды мамандар тобына береді.

Нақты уақыт режимінде бейнетіркеу процесінде өсірілген балықтың және басқа да су жануарларының, шабақтар мен балық басын толықтыратын аналық балық үйірінің түрлік және жас құрамы, көлемі (саны) және орташа салмағы, жұмыстарды жүргізу орны, сондай-ақ балық өсіру тоғандарына, балық өсіру бассейндеріне, торларға және (немесе) су айдындарына тиеу және жіберу кезінде шабақтар мен балық басын толықтыратын аналық балық үйірін санау рәсімі жазылады және дыбысталады.

Бейнетіркеу құртшабақтардың балық өсіретін тоғандарға, балық өсіретін бассейндерге, тор қоршамаларға және (немесе) су айдындарына жіберілетін орнына тасымалдау үшін тиеу процесінің басынан аяғына дейін жүргізіледі. Құртшабақтардың тиелуін және балық өсіретін тоғандарға, балық өсіретін бассейндерге, тор қоршамаларға және (немесе) су айдындарына жіберілуін бейнетіркеу жеке-жеке жүргізіледі. Балық жіберілетін орындарға тасымалдау кезінде бейнетіркеу жүзеге асырылмайды.

Аквашаруашылық субъектілерінің (көрсетілетін қызметті алушылардың) өлшемшарттарға сәйкестігін салыстырып-тексеру жылына кемінде бір рет не Қағидаларда белгіленген өлшемшарттар өзгерген кезде жүзеге асырылады.

20. АӨК СМЦЖ-ға қолжетімділікті ұсыну үшін жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) тиісті жылдың 20 қаңтарына дейін ЭЦҚ-сы бар қызметкерлердің өзектендірілген тізімін Министрлікке жолдайды.

21. Субсидия алуға арналған өтініштерді қабылдау аквашаруашылық субъектісінің (көрсетілетін қызметті алушының) орналасқан жері (заңды мекенжайы) бойынша тиісті жылдың 1 ақпанынан бастап 20 желтоқсанына (қоса алғанда) дейін жүзеге асырылады.

Бұл ретте жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) өтініштерді қабылдау басталғанға дейін күнтізбелік он төрт күн бұрын, оның ішінде қосымша қаражат бөлу кезінде жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) ресми интернет-ресурсында және АӨК СМЦЖ-да өтініштерді қабылдау басталатын күн туралы хабарландыру орналастырады.

Тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетте көзделген бюджет қаражаты толық игерілген жағдайда, жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) өтініштерді қабылдауды және қарауды тоқтатады.

22. Өтініштерді қарау оларды тіркеу күні мен уақытына сәйкес кезектілік тәртібімен жүзеге асырылады. Келесі өтініш алдыңғы өтініш қаралғаннан кейін қаралады.

23. Субсидия алуға өтініш беру үшін аквашаруашылық субъектісі (көрсетілетін қызметті алушы) ЭЦҚ көмегімен өз бетінше АӨК СМЦЖ-да тіркелуі қажет.

24. АӨК СМЦЖ-да жеке кабинетте тіркелу үшін аквашаруашылық субъектісі (көрсетілетін қызметті алушы) мынадай мәліметтерді көрсетеді:

1) дара кәсіпкерлер үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН); аты, әкесінің аты (бар болса) және тегі;

2) заңды тұлғалар және бірлескен кәсіпкерлік нысанындағы дара кәсіпкерлер үшін: бизнес-сәйкестендіру нөмірі; толық атауы; бірінші басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және ЖСН-сы;

3) байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, электрондық почтасының мекенжайы);

4) екінші деңгейдегі банктегі банк шотының деректемелері.

Көрсетілген деректер өзгерген кезде аквашаруашылық субъектісі (көрсетілетін қызметті алушы) 1 (бір) жұмыс күні ішінде АӨК СМЦЖ-дағы жеке кабинетке енгізілген жеке шоттың деректерін өзгертеді.

25. АӨК СМЦЖ-дағы жеке кабинетте субсидия алуға арналған өтінішті қалыптастыру және тіркеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) АӨК СМЦЖ-да Қағидалардың 2-қосымшаға 3), 4), 5), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында, 13-тармағының 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында және 14-тармағының 3), 4), 5), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында көзделген талаптарды тексеру үшін қажетті мәліметтерді енгізе отырып, Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 1, 2, 3 және 4-нысандар бойынша сатып алынған азыққа субсидия алуға арналған өтініш не аквашаруашылық саласындағы сатып алынған балық өсіру-биологиялық негіздемеге субсидия алуға арналған өтініш не аквашаруашылық саласында қолданылатын сатып

алынған препараттарға субсидия алуға арналған өтініш не аквашаруашылық объектісінің сатып алынған құртшабағына субсидия алуға арналған өтініш қалыптастырылады;

2) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 1, 2, 3 және 4-нысандар бойынша сатып алынған азыққа субсидия алуға арналған өтініш не аквашаруашылық саласындағы сатып алынған балық өсіру-биологиялық негіздемеге субсидия алуға арналған өтініш не аквашаруашылық саласында қолданылатын сатып алынған препараттарға субсидия алуға арналған өтініш не аквашаруашылық объектісінің сатып алынған құртшабағына субсидия алуға арналған өтініш аквашаруашылық субъектісінің (көрсетілетін қызметті алушының) ЭЦҚ-сын қою арқылы АӨК СМЦЖ-да тіркеледі және жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) АӨК СМЦЖ жеке кабинетінде қолжетімді болады. Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) веб-порталда көрсетілген электрондық мекенжайына субсидия алуға арналған өтініштің қарауға келіп түскені туралы цифрлық хабархат жіберіледі.

26. Жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) сатып алынған азыққа субсидия алуға арналған өтініш не аквашаруашылық саласындағы сатып алынған балық өсіру-биологиялық негіздемеге арналған өтініш не аквашаруашылықта қолданылатын сатып алынған препараттарға субсидиялар алуға арналған өтініш тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде оны мәліметтердің толықтығына қарайды.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған кезде жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауапты ресімдейді және оның АӨК СМЦЖ-дағы аквашаруашылық субъектісінің (көрсетілетін қызметті алушының) жеке кабинетіне жіберілуін қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болмаған кезде аквашаруашылық субъектісінің (көрсетілетін қызметті алушының) "жеке кабинетіне" Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялар алуға арналған өтініштің қарау нәтижелері туралы хабархат жіберіледі.

27. Жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне субсидияларды алу сатысы туралы деректердің енгізілуін қамтамасыз етеді.

28. Еңсерілмейтін күштің мән-жайлары туындаған жағдайда, аквашаруашылық субъектісі (көрсетілетін қызметті алушы) олар туындаған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы органды (көрсетілетін қызметті берушіні) осындай мән-жайлар туралы хабардар етеді. Аквашаруашылық субъектісі (көрсетілетін қызметті алушы) уәкілетті мемлекеттік органдардың еңсерілмейтін күштің мән-жайларының басталу фактісін растайтын құжатты (Қазақстан Республикасы

Экология және табиғи ресурстар министрлігінің "Қазгидромет" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны берген ауа райы жағдайлары туралы анықтаманы және (немесе) жергілікті атқарушы органның су объектісінің сарқылуы туралы шешімін және (немесе) жергілікті атқарушы органның карантиндік немесе шектеу іс-шараларын белгілеу туралы шешімін және (немесе) ветеринария саласындағы уәкілетті орган берген балық ауруын анықтау туралы сараптама актісін (сынақ хаттамасын)) АӨК СМЦЖ-да орналастырады.

Алдыңғы 2 (екі) жыл қатарынан еңсерілмейтін күштің мән-жайларының туындағанын растайтын құжаттар болмаған жағдайда, аквашаруашылық субъектілерінің (көрсетілетін қызметті алушылардың) қарсы міндеттемелері орындалмаған болып есептеледі және субсидиялар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәптіппен бюджетке қайтарылуы тиіс.

29. Аквашаруашылық субъектілері (көрсетілетін қызметті алушылар) қарсы міндеттемелерін орындамаған жағдайда, олардың аквашаруашылықты субсидиялау аясында алған ақшалары қарсы міндеттемелерді орындаудың қол жеткізілген деңгейі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемелері ескеріле отырып, қайтарылуы тиіс.

Аквашаруашылық субъектілері (көрсетілетін қызметті алушылар) субсидияланған күннен бастап бес жыл ішінде қызметін тоқтатқан жағдайда, аквашаруашылықты субсидиялау аясында алған ақшаны толығымен не ішінара қайтаруы тиіс.

Қарсы міндеттемелерді орындаудың қол жеткізілген деңгейін есептеу мына формула бойынша жүргізіледі:

$$A = B \times (1 - (B/60)),$$

мұндағы:

A – қайтарылатын субсидия сомасы;

B – берілген субсидиялар сомасы;

B – жұмыс істеген айлар саны.

30. Жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) АӨК СМЦЖ арқылы аквашаруашылық саласындағы қарсы міндеттемелердің қол жеткізілуіне мониторинг жүргізеді. Субсидия берілген күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде жылына 2 (екі) реттен асырмай субсидиялау объектісінің әрекеті немесе әрекетсіздігі мәніне мониторинг жүргізіледі.

31. Мониторинг шарттарын орындау үшін жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) аквашаруашылық субъектісінен (көрсетілетін қызметті алушыдан) АӨК СМЦЖ-да қажетті ақпаратты сұратады.

Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) сұратылатын ақпарат туралы сұранымы туралы хабархат аквашаруашылық субъектісі (көрсетілетін қызметті алушы) АӨК СМЦЖ-дағы жеке кабинетіне және АӨК СМЦЖ-да тіркелген кезде көрсеткен электрондық почтасының мекенжайына жібереді.

Аквашаруашылық субъектісі (көрсетілетін қызметті алушы) 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сұратылған ақпаратты АӨК СМЦЖ-ға орналастыру арқылы ұсынады.

32. Қарсы міндеттемелердің орындалу пайызы АӨК СМЦЖ-да қарсы міндеттемелерде көзделген жоспарлы көрсеткіштерге шаққандағы іс жүзінде орындалған көрсеткіштердің арақатынасы ретінде пайызбен есептеледі және мынадай формула бойынша айқындалады:

Нақты орындалуы Орындалу пайызы = (-----) × 100%
Жоспарлы міндеттеме

Бұл ретте:

1) нақты орындалу аквашаруашылық субъектісі (көрсетілетін қызметті алушы) ұсынған және құжаттармен расталған деректердің, сондай-ақ АӨК СМЦЖ-да қамтылған мәліметтердің негізінде айқындалады;

2) жоспарлы міндеттеме аквашаруашылық субъектісі (көрсетілетін қызметті алушы) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 1, 2, 3 және 4-нысандар бойынша сатып алынған азық үшін субсидиялар алуға арналған өтінішті не аквашаруашылық саласындағы сатып алынған балық өсіру-биологиялық негіздеме үшін өтінішті не аквашаруашылықта қолданылатын сатып алынған препараттар үшін субсидиялар алуға арналған өтінішті не сатып алынған аквашаруашылық объектілерінің құртшабақтары үшін субсидия алуға арналған өтінішті АӨК СМЦЖ арқылы берген кезде қалыптастырылады;

3) 100 пайыз көрсеткіш қарсы міндеттемелердің толық орындалғанын;

4) 100 пайыздан төмен көрсеткіш қарсы міндеттемелердің ішінара орындалғанын;

5) 0 пайыз көрсеткіші қарсы міндеттемелердің орындалмағанын білдіреді.

Орындалу пайызын есептеуді жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) АӨК СМЦЖ арқылы автоматты түрде аквашаруашылық субъектісі (көрсетілетін қызметті алушы) ұсынған деректердің және АӨК СМЦЖ цифрлық жүйесінде қамтылған ақпарат негізінде жүзеге асырады.

33. Аквашаруашылық субъектісінің (көрсетілетін қызметті алушының) қарсы міндеттемелерді орындау деңгейі туралы ақпаратты жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) АӨК СМЦЖ-дағы жеке кабинетінде ағымдағы жылдың 20 қаңтарынан бастап соңына дейінгі мерзімде Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырады.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

34. Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 91-бабында белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы орган басшысының (

көрсетілетін қызметті берушінің) атына не мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалынған жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) жібереді.

Бұл ретте, егер шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалынған жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) үш жұмыс күні ішінде қолайлы акт қабылдаған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасаған жағдайда, шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) шағымды жібермеуге құқылы.

35. Аквашаруашылық субъектісінің (көрсетілетін қызметті алушының) шағымын Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

1) жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) – тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

2) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауға тиіс.

36. Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің), мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

